«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АКАДЕМИЯ УПРАВЛЕНИЯ
МИНИСТЕРСТВА ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

126

БҰЙРЫҚ

2025ж. 01.10 №85
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 85 от 01.10.2025г.
город Астана

**Қазақстан Республикасы ІІМ
Басқару академиясының
2025-2026 оқу жылына арналған Негізгі ұйымдастыру
іс-шараларының жоспарын және Құрылымдық бөліністер жөнінде
Ережелерді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарында ғылыми әлеуетті арттыру және кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру бойынша 2024-2028 жылдарына арналған бағдарламасында көзделген іс-шараларды іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының қызметі туралы Ережелерді бекіту туралы» 11-тармақ №23 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 1 қазандағы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ведомстволары, аумақтық органдары және оқу орындарының жарғыларын бекіту туралы» Қосымша 54-1 № 662 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының 2025-2026 оқу жылына арналған Негізгі ұйымдастыру іс-шараларының жоспары (*бұдан әрі – Академияның негізгі ұйымдастыру іс-шараларының жоспары*) бекітілсін.

2. Басқару академия бастығының орынбасарлары және құрылымдық бөлімшелердің басшылары:

1) Академияның Негізгі ұйымдастыру іс-шараларының жоспарында көзделген іс-шараларды іске асыру бойыша шаралар қабылдасын;

2) Академияның Негізгі ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын іске асыру туралы ақпаратты әр тоқсан сайын келесі айдың 5 күніне дейін ЖжБ бөліміне ұсынуды қамтамасыз етсін.

000129

3) Бір апта мерзімде құрылымдық бөлімшелердің негізгі іс-шараларын жоспарлары Академияның Негізгі ұйымдастыру іс-шараларының жоспарына сәйкестндірілсін.

3. Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының Құрылымдық бөліністер жөнінде Ережелер бекітілсін:

- Ғылыми кеңес туралы;
- Жедел кеңес туралы;
- Оқу-әдістемелік кеңес туралы;
- Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңес туралы;
- Жоспарлау және бақылау бөлімі туралы;
- Жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімі туралы:
- Басшы кадрларды даярлау факультеті туралы;
- Жоғары білімнен кейінгі білім факультеті туралы;
- Жалпы даярлық кафедрасы туралы;
- Арнайы даярлық кафедрасы туралы;
- Оқу-әдістемелік бөлімі туралы;
- Ғылыми-зерттеу институты туралы;
- Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі туралы;
- Ақпараттық-техникалық оқыту құралдары бөлімі туралы;
- Құжаттамалық қамтамасыз ету тобы.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бастықтың уақытша міндетін атқарушы
полиция полковнигі **Д. Еремеев**

✍ *С. Дюсенбай*
☎ *8 (775) 544 74 84*